


# Экоаньықтамалық



ақпарат

сот әділдігі

қатысым



«Қарағанды облыстық  
экологиялық мұражайы»  
қоғамдық ұйымы  
[www.ecomuseum.kz](http://www.ecomuseum.kz)



«Арника» үкіметтік  
емес ұйымы  
[www.english.arnika.org](http://www.english.arnika.org)



«Эко Маңғыстау»  
үкіметтік емес мекемесі  
[www.ecomangystau.kz](http://www.ecomangystau.kz)



«Жаңа экологиялық  
қауіпсіз технологияларды  
енгізу орталығы»  
қоғамдық қоры



Қазақстан  
Республикасындағы  
Европа Одағының өкілдігі  
[www.eeas.europa.eu](http://www.eeas.europa.eu)

**Бұл анықтамалық адамдарға «Ақпаратқа қол жеткізу, жұртшылықтың экологиялық маңызы бар шешімдер қабылдау процессіне қатысуы және қоршаған ортаға қатысты мәселелер бойынша сот әділдігіне қол жеткізу туралы» Орхус конвенциясы туралы мәлімет беруге және конвенция мен Қазақстан Республикасы заңнамасының ережелерін жеке экологиялық мәселелерді шешуде қолданудың жолдарын көрсетуге арналған.**

«Азаматтардың құқығы мен жұртшылықтың экологиялық маңызы бар шешімдер қабылдау процессіне қатысуын жүзеге асыру – Орхус конвенциясының Маңғыстау облысында тәжірибеде жүзеге асырылуы» жобасы.  
Жоба Европа Одағының қаржыландыруымен жүзеге асырылуда.

Автор: Андрейчук А.

Редактор: Панкова А.

Компьютерлік дизайн, теру: Шайкежанова Л., Шнейгербергер М.

Корректор: Кулёва С.

Аудармашы: Жумадилова Г.

Фото ұсынған: «Арника» үкіметтік емес ұйымы.

Аталған жарияланым Европа Одағының қолдауымен дайындалды. Жарияланымның мазмұны Қарағанды экологиялық мұражайы мен Экологиялық қауіпсіз технологиялар енгізу орталығының жауапкершілігінде және Европа Одағының көзқарасын білдірмейді.

# Экологиялық анықтамалық



## МАЗМҰНЫ:

«Орхус конвенциясы» деген не?.....	стр. 5
«Экологиялық ақпарат» деген не?.....	стр. 7
Экологиялық ақпаратты кім алуға құқылы?.....	стр. 9
Экологиялық ақпаратты кім беруге міндетті?.....	стр. 10
Шешім қабылдау үдерісіне қоғамның әсер ету құралдары.....	стр. 11
«Қоғамдық тыңдалым» деген не?.....	стр. 14
Экологиялық ақпарат алуға байланысты сұраныс толтыруға қандай талаптар қойылады?.....	стр. 15
Экологиялық ақпарат алуға толтырылатын сұраныстың үлгісі.....	стр. 16
Арызды қалай дұрыс жазу қажет?.....	стр. 17
Егер сіз аулаңызда белгісіз біреудің ағаш кесіп жатқанын байқасаңыз, не істеу қажет?.....	стр. 18
Скважинадағы немесе құдықтағы судың сапасын қалай тексеруге болады?.....	стр. 20
Қоғамдық сұраныс бойынша экологиялық ақпарат қандай мезгілде берілуі қажет?.....	стр. 22
Сұратылған экологиялық ақпараттың жоқтығы туралы мәлімдеме қандай мезгілде беріледі.....	стр. 23
Экологиялық ақпарат беруден қандай жағдайда бас тартылады?.....	стр. 24
Егер рұқсат етілмеген қоқыс үйіндісін байқасаңыз, қандай шара қолдану қажет?.....	стр. 25
Неліктен қоқысты жағуға болмайды және онымен қалай күресу қажет?.....	стр. 27
Шығарындылар тізілімі мен ластағыштар тасымалы деген не?.....	стр. 28
Экологиялық ақпарат алуға мүмкіндік бермегені үшін жауаптылық.....	стр. 29
«Клатови ДДТ-сіз!» немесе бір экологиялық жеңіс тарихы.....	стр. 30
«Қазақстандағы адам құқығы – тек қалдықтар ғана!».....	стр. 33

A photograph of a sunset at a rocky beach. The sun is a bright orange circle on the horizon, casting a warm glow over the sky and water. The foreground is dominated by dark, silhouetted rocks. Several people are scattered across the rocks, some sitting and some standing, their forms dark against the lighter background. A single bird is captured in flight in the middle ground. The overall mood is serene and contemplative.

«Орхус конвенциясы» деген не?

**О**рхус конвенциясы – адам құқығы мен экологиялық құқықты біріктірген халықаралық келісімшарт. Біріккен Ұлттар Ұйымының Европа экономикалық комиссиясының «Қоршаған ортаға қатысты мәселелерге байланысты ақпаратқа қол жеткізу, жұртшылықтың экологиялық маңызы бар шешімдер қабылдау процесіне қатысуы мен сот әділдігіне қол жеткізуі туралы» конвенциясы 1998 жылы 25 маусымда Данияның Орхус қаласында Европа елдерінің қоршаған ортаны қорғау министрлерінің 4-конференциясында қабылданды. Әлем тарихында тұңғыш рет азаматтардың қоршаған орта мәселелері бойынша ақпаратқа, сот әділдігіне қолжеткізуі, шешімдерге қоғамның қатысуының халықаралық жалпы ережелері мен рәсімдерін енгізу туралы шешім қабылданды. Конвенцияның мақсаты әрбір бүгінгі азаматтың және болашақ ұрпақтың денсаулығы мен әл-ауқатына қолайлы

қоршаған ортада өмір сүруі құқығына көмегін тигізу болып табылады. Бұл халықаралық құжатқа қол қойған елдер экологиялық ақпарат алуға қоғамдық сұраныстар жұмысы бойынша конвенция талаптарын орындауға міндеттеніп, экожүйеге әсер ететін жобаларды жоспарлау және жүзеге асыру барысында азаматтардың пікірлерін есепке алады. Жұртшылық, өз кезегінде, іс-шараларды жоспарлау кезеңіне, жоспарлар мен бағдарламаларды дайындауға, нормативті актілерді дайындауға қатысуға құқықты. Қазақстанда Орхус конвенциясы 2000 жылдың 23 қазанында ратификацияланды. Бұдан бұрын Қазақстандағы конвенцияның жүзеге асырылуына Қазақстан Республикасының Қоршаған орта және су ресурстары министрлігі жауапты болған, бірақ 06.08.2014 жылғы Президент Жарлығымен үкіметтің қайта құрылуына байланысты аталған министрліктің қызметі Энергетика министрлігінің құзырына кіргізілді.



«Экологиялық ақпарат» деген не?

## Экологиялық ақпарат ұғымы ақпараттың төмендегі түрлерін қамтиды:

- қоршаған ортаның және оның жекелеген элементтерінің (ауа, су, жер, топырақ, ландшафт пен табиғи объектілер, биологиялық түрлілік, генетикалық модифицияланған ағзалар және басқалар) жағдайы, олардың өзара әрекеті;
- қоршаған ортаға ықпал ететін факторлар (ластағыш заттар, шу, сәулелену тағы да басқалар);
- қоршаған ортаға ықпал етуге мүмкіндігі бар әрекеттер мен шаралар, оның ішінде саясат, заңнама т.б.;
- экологиялық факторлар ықпал етуіне байланысты адамдар денсаулығы мен қауіпсіздігі, мәдени объектілер мен ғимараттар жағдайы. (Орхус конвенциясы 2-бабының 4-тармағы, ҚР Экологиялық кодексі 159-бабының 1-тармағы (ҚР ЭК)).



Мемлекеттік ұйымдардың жұртшылыққа экологиялық ақпарат беру ережесі түсінікті, ал ақпарат – қолжетімді болуы қажет. (Орхус конвенциясы 5- бабының 2-тармағы).



## Экологиялық ақпаратты кім алуға құқылы?

**О**рхус конвенциясының ережесі бойынша кез-келген жеке және заңды тұлғалардың экологиялық ақпарат алуға мүмкіндік құқығы бар. Аталған ақпаратты Экологиялық кодекс (ҚР ЭК) Қазақстан Республикасының заңнамасында (ҚР ЭК 163-бабы, 1-тармағы) қарастырылған жағдайлардан басқа кезде жалпыға қолжетімді екендігін нақтылайды. Кез-келген адамның Қазақстан Республикасының азаматтығының бар-жоқтығына және тұрғылықты орнына қарамастан экологиялық ақпарат алуға құқы бар. Заңды тұлғалар тіркелген орны мен орналасу

орнына қарамай экологиялық ақпаратқа сұраныс жасай алады. Сонымен қатар, заңды тұлғалардың ұйымдастыру-құқықтық формасы да маңызды емес, сұраныс қоғамдық ұйым, қор, тұтыну немесе өндірістік кооператив, жеке меншік иелерінің кооперативі, акционерлік қоғам атынан жазыла да береді. Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің 14-бабының 4-тармағында қоғамдық ұйымдардың қоршаған ортаны қорғау саласындағы құқықтары «мемлекеттік органдар мен ұйымдардан уақтылы, толық және шүбәсіз экологиялық ақпарат» алу құқығын нақтылай отырып, ерекше атап көрсетілген. Орхус конвенциясының 4-бабы 1а-тармағы және «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі» заңының 6-бабы 2-тармағы бойынша экологиялық ақпарат алуға жазылған сұраныста мүдделіліктің себебін көрсету міндетті болып табылмайды.

## Экологиялық ақпаратты кім беруге міндетті?


**Э**кологиялық ақпаратты:

- а) мемлекеттік органдар;
- ә) мемлекеттік басқару міндетіне иәкілетті жеке және заңды тұлғалар;
- б) мемлекеттік міндет немесе қоршаған ортаға қатысты қызмет көрсететін және мемлекеттік органдар бақылауымен әрекет ететін жеке не-

месе заңды тұлғалар. Мысалы: су каналдары, қоқыс шығаратын мекемелер, елді мекендерді аббаттандырумен айналысатын ұйымдар, гидрометқызметтер және т.б. (ОК 4-бабы 1-тармағы, 2-бабы 4-тармағы, ҚР ЭК 165-бабының 4-тармағы).

Мемлекеттік органдар түскен сұранысқа жауап беруі немесе сұратылған ақпараттың жоқтығы туралы жауап беруге, алған сұранысты құзіретті органдарға жіберуге тиісті. (ОК 2-бабы 2-тармағы, ҚР ЭК 165-бабының 4-тармағы).





Шешім қабылдау үдерісіне  
қоғамның әсер ету құралдары

**Б**елсенді әлеумет – дамыған құқықты мемлекеттің маңызды бөліктерінің бірі, ол өзінің экологиялық қауіпсіз өмір жағдайында өмір сүруге деген конституциялық құқығының құндылығы мен экологиялық заңдылықтың сақталуын талап етеді. «Әлеумет» деген ұғымды қалай түсінуге болады? ОК 2-бабының 4-тармағына сәйкес «Әлеумет» деп – бір немесе бірнеше жеке және заңды тұлғаны, ұлттық заңнама мен тәжірибеге сәйкес олардың қауымдастығы, ұйымы немесе тобын айтамыз. Егер шешім қабылдау кезінде әлеуметтің мүддесі қозғалып жатса, онда ОК 2-бабының 4-тармағы бойынша ол адам немесе ұйым «мүдделі әлеумет» ретінде анықталады.

Шешім қабылдау үдерісі – мемлекет, кәсіпкерлік пен әлеумет арасындағы диалог. Бұл келіссөздердің мінсіз шешімі болып үш тараптың да мүддесін қанағаттандыратын

шешім болыптабылады. Бұл коммуникациялық үдерісте өз дауысын естірту үшін кез-келген азамат өзінің негізделген, дәлелді, анық түйінделген көзқарасын білдіре алуы қажет. Шешім қабылдау үдерісіне әсер ету құралдары көп: қоғамдық және парламенттік тыңдалымдар, азаматтардың жиналыстары мен конференциялары, дөңгелек үстелдер, семинарлар, он-лайн режимдегі консультациялар, тұрғындарды сауалнамалау, дискуссиялық клубтар, интернет-форумдар, ынтымақтастық туралы меморандумдар, қоғамдық экологиялық сараптама, блогтар (мысалы: сарапшылар, табиғат тұтынушылар, чиновниктер блогы), петициялар, азаматтардың мемлекеттік органдарға сұраныстары, хаттары, арыздары, жазбаша және қауырт желі арқылы ұсыныстары және т.б. мәселені қарастырудың ұйымдастырушылары ретінде мемлекет өкілдері де, кәсіпкерлер де, қоғамдық

ұйымдар да, азаматтық қоғам белсенділері де қатыса алады. Экологиялық мәселеге тап болған кез-келген тұрғын құзырлы ұйымдарды хабардар етіп, жағдайды жақсартуға барын салады. Осындай мәселеге тап болған, бірақ заңнамалық, экологиялық, журналистикалық тұрғыдан бейхабар адам не істеуі керек? Әрине, белгілі бір тұлғалық қасиеттер мен уақыты бар адам өздігінен әділдікке қол

жеткізуге тырысып көрері сөзсіз, тіпті болмаса көрші-қолаңмен бірігіп өмір сүруге қолайлы қоршаған ортамен қамтамасыз етуді талап етуге де болар. Бірақ бұл мәселемен айналысып жүрген, азаматтардың экологиялық құқығын қорғауда белгілі тәжірибесі бар және мемлекеттік, қоғамдық ықпал құралдары бар «жасыл» қоғамдық ұйымдарға немесе Орхус орталықтарына көмекке жүгінген дұрыс.



## «Қоғамдық тыңдалым» деген не?

**Қ**оғамдық тыңдалым – мемлекеттік және басқару шешімдерін қабылдау үдерісіне әлеумет қатысуының құқығын жүзеге асырудың тиімді жолдарының бірі. Қоршаған орта мен адам денсаулығына әсер ететін жобалар мен шешімдер талқыланатын ашық жиналыстар. Тыңдалым кезінде жоспарланатын шаруашылық әрекетінің жоба алдындағы және жобалық құжаттары, қоршаған ортаға әсерін анықтайтын бағалау құжаттары қарастырылады. Қоғамдық тыңдалымға: қарастырылып отырған мәселе төңірегіндегі мүдделі адамдар, қоғамдық және мемлекеттік емес ұйымдар мен бірлестіктер, жергілікті атқару және өкілетті органдар, мемлекеттік органдар мен бұқаралық

ақпарат құралдары қатыса алады. Қоғамдық тыңдалымға дейін 20 күн бұрын жергілікті атқару органының Интернет-ресурсы мен бұқаралық ақпарат құралдарында тыңдалымның өтетін мерзімі мен орны көрсетілген қазақ және орыс тілдерінде ақпарат жарияланады. Егер адам талқылауға өзі қатыса алмаса, қарастырылып отырған мәселе бойынша өз ұсыныстары мен ескертулерін жазбаша түрде өткізуіне болады. Тыңдалымның басталуына 15-30 минут қалғанда қатысушыларды тіркеу жүргізіледі. Тыңдалым кезінде экологиялық ақпаратты ауызша түрде сұрауға болады. Қоғамдық тыңдалым нәтижесі бойынша хаттама толтырылып, ол бес жұмыс күні ішінде жергілікті атқару органының интернет-ресурсында жарияланады. Қоғамдық тыңдалымдар адамның өз көзқарасын білдіру құқығының барлығына тең дәрежеде екендігін қарастырады. Қоғамдық тыңдалымдарға қатысқан әлеумет 7 жұмыс күні ішінде хаттаманың мазмұны туралы түсініктемелер беруге құқылы.

## Экологиялық ақпарат алуға байланысты сұраныс толтыруға қандай талаптар қойылады?

**Ө**тініште жекетұлғаныңаты-жөні, қалауы бойынша тегі мен почталық мекен-жайы; заңды тұлға өтінішінде – атауы, почталық мекен-жайы, шығыс нөмірі

мен күні толтырылады. Өтініште талапкердің қолы қойылуы немесе электрондық сандық қолтаңбасы болуы қажет. Ауызша сұранысты азаматтар мен ұйымдар жеке қабылдау мен телефон арқылы, сонымен қатар қоғамдық тыңдалымдар, дөңгелек үстел мен басқа да ұжымдық кездесулер кезінде қабылданады. Қазіргі таңда жазбаша сұраныстар экологиялық ақпарат алудың тиімді жолы екендігін ескерте кету қажет, қажет болған жағдайда, жазбаша сұраныс пен оған келген жауапты сотта пайдалануға мүмкіндік болады.



Орхус конвенциясының 4-бабының 1а-тармағы бойынша талапкер сұрап отырған ақпарат бойынша мүдделі екендігін көрсетуге міндетті емес. Қазақстан заңнамасы бойынша жолданым себебін сұраныста емес, арыз жазған жағдайда міндетті түрде көрсетуі қажет («Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі» Заңының 6-бабының 2-тармағы).

## Экологиялық ақпарат алу үшін толтырылатын сұраныстың үлгісі

Қызметтік лауазымы  
Кімге - Аты-жөні, тегі  
Кімнен – Талапкердің аты-жөні  
Байланыс деректемесі  
(мекен-жайы мен телефоны)

### Ақпарат алу үшін СҰРАНЫС

Құрметті \_\_\_\_\_ !

Сізден төмендегідей ақпарат беруіңізді өтінемін:

*(сұратылып отырған деректер анық, сұрақтар нақты болуы керек)*

Аталған \_\_\_\_\_ ақпарат қажет.

*(талапкердің ақпараттың сұратылу себебін түсіндіруі міндетті емес) (қалауына қарай толтырылады)*

Осы сұранысқа жауапты Қазақстан Республикасының «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі» Заңының 8-бабында қарастырылған мерзімге дейін беруіңізді сұраймын.

Құрметпен: аты-жөні, қалауы бойынша тегі. \_\_\_\_\_

Күні \_\_\_\_\_

Қолы \_\_\_\_\_



## Арызды қалай дұрыс жазу керек?

**А**рыз да, сұраныс сияқты, еркін түрде жазылады, бірақ рәсімделуі жағынан құжаттың бұл түрінің ерекшеліктері бар. Арызда мәселенің негізін, заңның қай талабының бұзылғандығы мен төмендегі ақпараттар көрсетілуі қажет:

1. Аты-жөні, тегі;
2. Тұрғылықты мекен-жайы;
3. Құқығына нұқсан келтірілген адамның аты-жөні, тегі (егер арыз басқа адамның мүддесі үшін жазылса);
4. Талапкердің пікірінше бассыздыққа жол бер-

- ген лауазымды тұлғаның аты-жөні, тегі немесе мемлекеттік органның (ұйымның) атауы;
5. Мәселенің немесе оқиғаның қысқаша сипаттамасы, болған уақыты;
  6. Арызы негізінде талапкер қандай әрекет күтеді;
  7. Күні мен қолы.

Лауазымды тұлғалардың әрекеті немесе әрекетсіздігі мен мемлекеттік ұйымдардың шешіміне арыз прокуратура ұйымдарына әрекет жасалғандығы мен шешім қабылданғаны туралы белгілі болғаннан кейін 1 ай ішінде беріледі. Азаматтардың өтінішін қарау нәтижесі бойынша шешімге шағымдану (оның ішінде өтінішті қарауға байланысты лауазымды тұлғалардың іс-әрекеттеріне (әрекетсіздігіне)), өтініш бойынша шешім қабылдағаны туралы белгілі болған кезден бастап, үш айдан кешіктірілмей жүзеге асырылады (даулы әрекетке бару).



Егер сіз аулаңызда белгісіз біреудің ағаш  
кесіп жатқанын байқасаңыз,  
не істеу қажет?

**Е**гер сіз жағдайға ықпал етіп, ағашты сақтап қалғыңыз келсе, сабырлылық танытыңыз. Ең бірінші, ол адамның немесе ұйымның «санитарлық кесу, мәжбүрлі кесу, көшеттерді басқа жерге отырғызуға» рұқсаты бар екендігін анықтау қажет. Егер ондай рұқсат қағазы бар болса, өкіншке орай, ағашты құтқару мүмкіндігі жоқ деген сөз, себебі рұқсат қағаз шынымен қажеттілік болғандықтан беріледі. Кесуге тапсырыс беруші аталған жер теліміне жаңа ағаш отырғызуға міндеттенеді, осы жағдайды сіздің өз бақылауыңызға алуыңызға әбден болады: отырғызылатын жапырақты көшеттің биіктігі 3 метрден, қылқан жапырақтылардың биіктігі 2 метрден кем болмауы қажет. Құжатта ағаштың (жасыл бірліктің) нақты саны, тұқымы, тапсырыс берушінің аты-жөні және кесу себебі

көрсетілуі тиістігіне назар аударыңыз. Егер көрсетілген себептерді заңсыз деп тапсаңыз, кесуге рұқсат берген лауазымды тұлға үстінен жоғары тұрған лауазымды органға арыз беруге құқылысыз.

Егер «ағаш кесушіде» рұқсаты болмаса немесе көрсетуден бас тартса, сонымен қатар құжатта мысалы 3 ағашты кесу көрсетіліп, одан көп кесіліп жатса, онда қорықпай полиция бөліміне, әкімшілікке, табиғат қорғау прокуратурасына, Табиғат ресурстарын реттеу басқармасына, аудандық экология инспекциясына қоңырау шалыңыз. Егер ағашты кесіп тастаған болса, аталған органдардың қызметкерлері бұл құқық бұзу фактісін тіркеп, қалалық және аудандық ішкі істер басқармаларына өткізеді. Рұқсатсыз ағаш көшеттерін кескені үшін жазалаудың түрлері, оның ішінде айыппұл салу да қарастырылған.

## Скважинадағы немесе құдықтағы судың сапасын қалай тексеруге болады?

**С**у – біздің өміріміздің негізі, ал таза су – салауатты өмірдің көзі. Егер сіз құдығыңыздағы (скважинадағы) судың тазалығына күмандансаңыз, төмендегідей қадам жасауыңыз қажет:

1 қадам: ауызсудың мемлекеттік стандарт та-лабына сәйкестігіне химиялық сараптама жа-сайтын зертханамен хабарласыңыз. Скважи-нада техникалық су болса, СанПинге қоңырау шалыңыз, бұл ұйымдардың аттестация мен ак-кредитациядан өткендігін нақтылап алыңыз.

2 қадам: сараптама үшін қажетті су мөлшерін, оны қандай ыдыста (шыны әлде пластик) әкелу керектігі мен сараптама құнын, негізінде ол аса қымбат болмайды, анықтап алыңыз.

Егер сараптама нормативке сай болмаса, ла-стану көзін анықтап, сол көздің кесірінен суға

зиянды және уландыратын элементтердің түсіп отырғанын дәлелдеуіңіз қажет болады. Мыса-лы: зертханалық сараптамада су құрамында мұнай өнімдерінің барлығы көрсетілді, енде-ше ластаушы мұнай өндіруші немесе мұнай өңдеуші өндіріс, сонымен қатар жұмысында технологиялық регламент сақталмайтын жанар-май құю станциясы, техникалық қызмет көрсету орталығы, шина жамау мен автошеберхана-лар да болуы мүмкін. Органикалық заттардың нормасының жоғарылығы (нитраттар, нитрит-тер) жеке сектордың ауладағы әжетханасынан жиналған шаруашылық фекалияларының жина-луы салдарынан. Әрине, болжам жасау жеңіл, ал нақты объектінің кінәсін дәлелдей әлдеқайда қиын. Сонымен, егер ластау анықталса:

3 қадам: бірінші сараптаманың деректерін дәлелдеу үшін су үлгісін жиі-жиі алып, әр түрлі зертханаларда зерттеуден өткізіп отыру қажет. Әрине бұл біраз қаржылық шығынға ұшыратады және уақыт алатын шаруа. Егер барлық са-раптама қорытындысы ластаушы заттардың барлығын көрсетсе, онда суды үнемі ластаушы көз бар деген сөз.

4 қадам: Ластаушыны анықтау үшін, бұрғылау жұмысын жүргізген ұйымнан скважина жобасын алып танысыңыз. Онда ауыз су қабатының орналасуы, орналасу тереңдігі, су минерализациясы туралы ақпарат болуы қажет. Егер құдықты өзіңіз қазып, бұндай деректер жоқ болса, онда «Жер қойнауын зерттеу орталығы» мемлекеттік мекемесіне көмекке жүгініңіз, себебі оларда су қоры туралы барлық ақпарат болады. Сонымен қатар аталған мекемеде жер асты сулары контурына қатысты болжалды ластаушы объектілердің орналасуы туралы ақпарат ала аласыз.

5 қадам: Ластаушы кәсіпорыннан экологиялық жоба мен оған берілген заңды тұлғаға әрекет жасауға рұқсат берудің негіздері көрсетілген

мемлекеттік экологиялық сараптама сұратыңыз. 6 қадам: Экология департаменті, СЭС, табиғат қорғау прокуратурасына шағым жазыңыз. Аталған мемлекеттік органдар жоспардан тыс тексеріс өткізіп, мекеменің жұмысының санитарлық және экологиялық нормаға сай ұйымдастырылуын анықтайды.

7 қадам: Егер жер асты суының ластану көзін дәлелдесеңіз, келтірілген материалдық нұқсанды қалпына келтіруді талап етуге құқылысыз. Экология департаментінің инспекторлары қарымақы көлемін анықтап береді, осыдан кейін оны сот арқылы қайтарып ала аласыз. Кәсіпорын жұмысы олқылық орнын толтырғанша тоқтатылады.



## Қоғамдық сұраныс бойынша экологиялық ақпарат қандай мезгілде берілуі қажет?

**Қ**оғамдық сұраныс бойынша экологиялық ақпаратқа жауап мейлінше қысқа мерзімде берілуі қажет:

1. Қарау үшін өзге субъектілерден, лауазымды адамдардан ақпарат алу не жергілікті жерге ба-

рып тексеру талап етілмейтін өтініш – күнтізбелік он бес күн ішінде қаралады;

2. Қарау үшін өзге субъектілерден, лауазымды адамдардан ақпарат алу не жергілікті жерге барып тексеру талап етілетін өтініш – күнтізбелік отыз күн ішінде қаралады;

3. Қосымша зерделеу немесе тексеру жүргізу қажет болған жағдайларда – қарау мерзімі күнтізбелік отыз күннен артық мерзімге ұзартылады;

4. Егер сұратылған ақпарат басқа мемлекеттік органның құзырына тиесілі болса, 3 жұмыс күні ішінде құзырлы органға жіберіледі.

*... қалай болсын, не болсын, қайда болсын, бірақ бұл қағаз барда,  
Шөндер болсын, басқа болсын, менің патерімнің маңына да  
жақындамауы керек. Түпкілікті қағаз! Нақты! Нағыз! Қорғаныш!  
М. Бұлғаков «Ит жүрегі»*



**Өтініш** – азаматтық құқық пен бостандықты жүзеге асыруға жәрдемдесу туралы сұраныс, лауазымды тұлғалардың құқық бұзушылық өрекеттері туралы хабарлама.



**Үндеу** – жеке немесе ұжымдық, ауызша немесе электрондық сандық қол қойылған электрондық құжат түріндегі ұсыныс, өтініш, арыз, сұраныс немесе пікір.



## Сұратылған экологиялық ақпараттың жоқтығы туралы мәлімдеме қандай мезгілде беріледі

Сұратылған экологиялық ақпараттың жоқтығы туралы жауап өтініш алынған күннен бастап 15 күнтізбелік күн ішінде беріледі («Жеке және заңды тұлғалардың

өтініштерін қарау тәртібі» Заңының 8-бабының 1-тармағы). Сұратылған экологиялық ақпарат мемлекеттік органда болмаған жағдайларда, жауап өтініш алынған мерзімнен бастап 3 жұмыс күні ішінде беріледі, ал өтініш – құзіретті органға жіберілуі тиіс. Экологиялық ақпарат беруден бастарту себептері мен негіздерін көрсете отырып, жазбаша түрде өтініш алынған мерзімнен бастап 1 ай ішінде берілуі қажет. (ҚР ЭК 165-б.).



**Сұраныс** – ресми мәліметтер мен құжаттар беру туралы жеке тұлғаның өтініші



**Ұсыныс** заңдарды, мемлекеттік органдардың қызметін жетілдіру, қоғамдық қатынастардың дамуын, қоғамдық-экономикалық және мемлекет пен қоғамның басқа салалары әрекетінің дамуын қамтамасыз ететін ұсыныстар.



**Пікір** – мемлекеттің жүргізіп отырған саясаты мен қоғамдағы оқиғалар мен құбылыстарға деген қатынастың көрінісі.



**Арыз** – бузылған құқықты қорғау немесе калпына келтіру, заңсыз әрекеттерді немесе әрекетсіздікке жол бермеу үшін қойылатын талаптар.



**Петиция** – қалдайтындықтарын білдіріп, көптеген қоғам мүшелерінің қол қойған қысқаша үндеуі.

## Экологиялық ақпарат беруден қандай жағдайда бас тартылады?

**А**қпарат беруден бас тартуға төмендегі жағдайлар негіз болады:

1. өтініш жіберілген мемлекеттік органда сұрау салынған экологиялық ақпарат болмаса (ОК 4-б. 3а-т., ҚР ЭК 167-б.2-т., 1-т.);
2. өтініш тым жалпылама түрде тұжырымдалса (ОК 4-б. 3б-т., ҚР ЭК 167-б.1-т., 1-т.);
3. өтініш әзірлеудің ақырғы кезеңінде немесе мемлекеттік органдардың ішкі хат жазысуларында болса (мысалы, ақпарат «қызметтік пайдалану үшін») (ОК 4-б. 4а-т., ҚР Үкіметінің №51 қос. Қаулысы, 23.01.08 ж.);
4. ақпарат беру оперативті-іздеу әрекетінің, тергеу және алдын-ала тергеу істерінің құпиясына

нұқсан келтірсе. Ақпаратты беруге рұқсатты алдын-ала тергеу және тергеу органы береді (ОК 4-б. 4с-т., ҚР ҚК 53-б., 205-б.2-т.);

5. коммерциялық құпия бұзылатын болса (ОК 4-б. 4д-т., ҚР АҚ 126-б.);

6. авторлық құқық пен зияткерлік жеке меншік құқығы бұзылса (ОК 4-б. 4е-т., ҚР АҚ 964-б.);

7. жеке адамға қатысты жеке деректердің құпиялылығы бұзылса (ОК 4-б. 4ф-т., «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі» Заңының 15-бабының 2-тармағы, 3-тармақшасы, «Әкімшілік рәсімдер туралы» Заңының 15-б., 2-т., 3-т.);

8. сұрау салынған ақпаратты жариялау құқығынсыз мемлекеттік органға ерікті түрде берген үшінші тараптың мүдделеріне зиян келсе (мысалы: лицензия мен рұқсат алу кезінде), (ОК 4-б. 4г-т).



A photograph of a rocky beach at sunset. The sky is a gradient of orange and yellow, with the sun low on the horizon. Silhouettes of many people are scattered across the dark rocks, some standing, some sitting. A single bird is captured in flight in the middle ground. The water is calm, reflecting the light from the sky.

Егер рұқсат етілмеген қоқыс үйіндісін байқасаңыз, қандай шара қолдану қажет?

**Е**гер сіз өркениеттің мәңгі көріксіз «серігі» - қоқыс үйіндісімен күресемін десеңіз, ең бірінші, қоқысталған жер телімінің меншік иесін анықтап алуыңыз керек. Ол үшін әкімшілікке сұраныс хат жазып, ол хатта рұқсат етілмеген қоқыс үйіндісінің орналасқан жері мен көлемін көрсетесіз, егер мүмкіндік болса фотосын да қосып жіберуге болады. Меншік иесі анықталғаннан кейін прокуратураға өтініш беру қажет. Кінәліге айыппұл салынып, территорияны тазалау туралы міндет қояды. Өкінішке орай, көп жағдайларда ондай жер телімі меншіксіз немесе мемлекет иелігінде болып шығады. Бұндай жағдайда облыс әкімі атына жағдайды қысқаша баяндап, үйіндінің орналасқан жері мен көлемін көрсете отырып, мәселені шешуге көмектесуді және үйіндіні жинауды қадағалауға алуға көмегін сұрап өтініш жазуға болады. Егер өтініш аяқсыз қалса, сот арқылы әкімнің немесе бақа да лауазымды тұлғалардың әрекетсіздігін дәлелдеуге тура келеді. Мысал ретінде завод жанындағы шашылып жатқан қоқысты алайық,

оған завод жұмысшылары күнде қоқыс шығарып отырады. Сіз экология департаменті мен прокуратураға тексеріс жүргізу туралы өтініш жазасыз. Мүмкіндік болса машиналардың номері көрінетіндей етіп, қоқыс түсіріп жатқан кезде фотоға түсіріп алған дұрыс, сонда сіз құқық бұзу фактісінің болғандығы туралы өтініш жаза аласыз. Егер әкімшілік құқық бұзушылық туралы мәселелерді қандай орган қарайтынын білмесеңіз, құқық қорғау органдарына өтініш беруге әбден болады, олар өз кезегінде түскен өтінішті құзіретті органға өздері жібереді. Егер үйіндіден зиянды химикаттар, оның ішінде энергия үнемдейтін лампалар, батареялар, градусниктер көрсеңіз, онда табиғат қорғау прокуратурасымен шұғыл байланысып, Төтенше жағдайлар басқармасына хат жіберу керек. Қоқыс үйіндісімен күрес шешімінің оң болуы үшін экологиялық ұйымдармен байланысуға кеңес береміз. Ондай ұйымдардың жіберген хаттары мен сұраныстарына міндетті түрде жауап беріледі.

## Неліктен қоқысты жағуға болмайды және онымен қалай күресу қажет?

**К**ала төңірегінде қоқыс жағу – құқық бұзу. Біріншіден, өртке қауіпті жағдай, екіншіден, түтінмен дем алу сіздің денсаулығыңызға қатерлі зиян тигізеді. Жапырақ жағу кезінде көктің көмір қышқыл газымен бірге сіңірген пайдаланылған газдар, бензапирен, ауыр металл бөлшектері – барлығы түтінмен шығады, ал жоғары температура олардың құрамын өзгерте отырып, жағдайды одан сайын ушықтырады. Түзілген көмір қышқыл оксиді (тұншықтыратын газ), күкірт ангидридi, азот оксиді, көмірсутектер, ирританттар, бензопирен және басқа да химикаттар көптеген қатерлі аурулар: улану, дем алу жолдарының қабынуы, конъюнктивит, жүйке жүйесінің бұзылуы, демікпе, аллергия, тіпті қатерлі ісік ауруларын тудырады. Жанған пластик пен басқа қоқыс түтінге канцерогенді хош иісті көмірсутектер, карбонилхлорид, диоксин, күйе, күкірт оксиді, формальдегид, кадмий тұздары, мырыш

сияқты қатерлі улаушы заттарды қосады. Осының ішінде диоксиндердің ең қауіпті химиялық зат екендігін ескерте кету керек. Олар иммундық жүйені төмендетіп, қатерлі ісік пен мутацияға дейін апаруы мүмкін. Күкірт оксиді ас қорыту органдарының жұмысын бұзып, өсуге тоқтау болып, кәріліктің ерте тууына себеп болады. Қорғасын ми жұмысына кері әсерін тигізеді. Бұл зиянды заттар кесірінен туындайтын аурулар тізімін әрі қарай да жалғастыра беруге болады. Қоқыс өртейтін заводтардың түтінінде ауа арқылы адам ағзасында жиналатын 400-ге дейін қауіпті заттар болады. Ал жанып жатқан қоқыс бағы – кіші-гірім завод емес пе? Егер денсаулығыңызға салғырт қарамай, түтін көрсеңіз міндетті түрде өрт сөндіру бөліміне хабарласып, не жанып жатқанынан хабардар ету керек. Өрт сөндірушілер кез-келген қоңырауға келіп, жанып жатқан алауды сөндіруге міндетті екендігіне қарамастан, бұндай кішкентай жағдайларға назар аударма қоймайды. Егер біреу қалдықтармен күресті үнемі жағу арқылы жүзеге асырып отырса, сіз аудан инспекторына шағымдануыңызға болады, ол не түсіндіру жұмыстарын жүргізеді, не айыппұл салады.

## Шығарындылар тізілімі мен ластағыштар тасымалы деген не?

**Ш**ығарындылар тізілімі мен ластағыштарды тасымалдау – экологиялық қауіпті химиялық және ластаушы заттардың деректемелік базасы, оның ішіне өндіру үдерісі аталған заттармен тығыз байланысты мекемелер мен коммерциялық ұйымдар тізімі, шығарындылардың қоршаған ортаға түсетін көлемімен қатар оларды тасымалдау және улы компоненттері бар заттарды утилизациялау орындары көрсетілген. Бұл деректер белгілі бір аймақтың мәліметтерін ғана емес, тұтас елдің мәліметтерін жинақтайды, өндіріс салалары мен химиялық заттар бойынша бөлінеді. Шығарындылар тізіліміне жиналатын ақпарат табиғат тұтынушылардың жүйелі міндетті есебі негізінде жүзеге асырылады. Шығарындылар тізілімін жасау әлеуметтің ақпаратқа қол жеткізу мүмкіндігін кеңейтеді: оның

негізінде ластаушы заттардың адам денсаулығына тигізетін әсерін болжауға және белгілі бір жердің «экологиялық кескінін» құрауға мүмкіндік береді. Мекеме басшыларына ол өз кәсіпорынындағы залалды заттар шығарылымының көлемін өзге де ұқсас салалармен салыстырп отыруға көмектеседі. Шығарындылар тізілімі мен залалды заттарды тасымалдау туралы хаттама 2003 жылы 21 мамырда Киевтегі Орхус конвенциясы тараптарының кезектен тыс жиналысында қабылданып, 2009 жылдың 8 қазанына күшіне енді. Бұл жаһандық құжатқа Европалық экономика комиссиясына, БҰҰ немесе басқа конвенцияларға мүше емес елдер де қол қоя алады. Қазақстанда аталған хаттаманы ратификациялау туралы ҚР Заңының жобасы дайындалды. Экологиялық ақпараттың Мемлекеттік қорының деректер базасында «Шығарындылар тізілімі мен ластағыш заттарды тасымалдау» туралы ақпарат негізіліп, жекелеген елдердің Тізілімі веб-сайттарына сілтеме жасалынған.

## Экологиялық ақпарат алуға мүмкіндік бермегені үшін жауаптылық.



1. Әлеуметтің экологиялық ақпаратқа қол жеткізуіне құқықсыз жол бермеу Қазақстанның Орхус конвенциясын ратификациялауда қабылдаған халықаралық міндеттеріне нұқсан келтіру табылады.
2. Экологиялық ақпаратты бермеу, уақытында бермеу, сонымен бірге толық емес және сенімсіз ақпарат бергені үшін материалдық, әкімшілік және қылмыстық (ҚР Әкімшілік құқық бұзу кодексінің 84-б) жауапкершілік қарастырылған. Бұндай жағдайда жоғары тұрған органға немесе жоғары лауазымды тұлғаға шағымдануға немесе құқықсыз әрекет жасалынғаны белгілі болған уақыттан бастап 3 айдан кешіктірмей (ҚР «Әкімшілік рәсімдеулер туралы» заңының 17-б., 2-т.) сотқа арыз жазуға болады. Мемлекеттік органдар арызды, сұраныс қаралатын мерзім ішінде қарап, жауап беруге міндетті.



«Клатови ДДТ-сіз!» немесе бір  
экологиялық жеңіс тарихы

**А**рника үкіметтік емес ұйымы (Чех Республикасы) мен мүдделі әлеумет біріге отырып жағымсыз экологиялық жағдайды өзгертуге болатындығын сан рет дәлеледеді. Төмендегі мысал соның бірі:

1994 жылы Клатови қаласының тұрғындары Рыхтаржик отбасының мүшелері аумағы 600 шаршы метрді алып жатқан, олардың фермасының территориясында орналасқан қоймалар ДДТ мен линдан сияқты қауіпті пестицидтермен ластанғандығын анықтады. Осындай күшті әсерлі улаушы заттардың жандарында екендігінен ешкім хабардар болмаған, себебі бұл ғимараттарды коммунистер 1957 жылы алып қойып, тек 1994 жылы ғана қайтарған. 1974 жылдан бастап онда Клатовидің Агрехимиялық компаниясы пестицидтерді сақтағандықтан, ғимараттың қабырғасына бұл улар әбден сіңіп кеткен. 1995 жылғы терең зерттеу кезінде ДДТ мен линданнан басқа гексахлорциклогексан, атразин мен фенсон барлығы

анықталды. Ферма аумағын залалсыздандыру үшін жүз мыңдаған евро ақша қажет болған, өкінішке орай не Агрехимиялық компания, не үкімет бұндай шығынды көтергісі келмеді. Сотқа шағымдану да жемісін бермеді, бірінші сот инстанциясын жеңгенімен, басқаларында фиаскоға ұшырады. Рыхтаржиктер қайда жазбады: Клатови Аймақтық басқаруға, Қоршаған орта министрлігі, тіпті белгілі азаматтық топтардың мүдделері мен әділдігін сақтауды бақылап отыратын тұлға – омбудсменге де, премьер-министр мен президентке де жазды. Бірақ барлығы нәтижесіз болды. 2003 жылы Рыхтаржик мырза «Арникадан» қолұшын сұрады. Ұйым мамандары сынаб түрлеріне зерттеу жүргізіп, тіпті жұмыртқада да пестицидтердің барлығын дәлеледеді. «Арника» мен ферма иелері әр түрлі деңгейдегі келіссөз үстеліне отырды, тіпті бұл мәселені Чех Республикасындағы Европа парламенті де қарады. Өкінішке орай қаржыландыру мәселесінің шешімі табыл-

мады. 2006 жылы «Арника» ферма маңынан ағатын өзендегі балық сынабының зерттеуінің нәтижесін жариялады. Онда балықтардағы пестицидтердің жоғары концентрациясының себебі ретінде қоймалар көрсетілген. «Арника» сараптамалық қорытындысын жасап, осының нәтижесінде 800-ден астам қол қойған «Клатови ДДТ-сіз!» петициясын жариялады. Бұл жағдай БАҚ-та кең жарияланып, жұртшылықтың осы мәселеге назарын аудартты. 2007 жылы петиция мен сараптама Пльзен аймағы бойынша қоршаған орта мәселелері бойынша Кеңесшіге берілді, ол қоймалар мен жақын орналасқан жерлерді тазалау шараларын сараптаудың құнын қаржыландыруға уәде берді. Бірақ сол тазалаудың қаржысын кім көтереді? Мәселе омбудсмен орынбасары Йитка Сеитлова араласып, Қоршаға орта министрін европалық қорлардың қаржысын пайдалануға көндірген соң шешімін тапты. Бір жылдан соң жасалған сынаб

зерттеулері пестицидтер концентрациясының Арниканың көрсеткішінен де жоғары екендігін көрсетті. Іс тағы БАҚ өкілдеріне тиді. Острова қаласы Ұлттық қоғам денсаулығын сақтау институты мамандарының жүргізген қатер сараптамасы негізінде Рыхтаржик мырза Европа Одағының қорын тартатын «Қоршаған орта» Операциялық бағдарламасының грантына өтініш жазды. 2010 жылы Қоршаған орта министрлігі қажет соманың 85 пайызы көлемінде – 372 мың евро, көлемінде грантты бекітті. Мемлекет 5 пайызын, жеке меншік иесі – 10 пайызын төледі. Бірінші ластанған қабырға сылағы мен едендер тазаланды, 100 тоннадай материал шығарындыларды залалсыздандыратын арнайы орындарға тасылды. Одан кейін 350 тонна топырақ биодеградация әдісімен тазаланды. Отбасы мүшелеріне барлығын тазалап, әрі қарай пайдалану үшін қалпына келтіруге 10 жыл уақыт қажет болды.



## «Қазақстандағы адам құқығы – тек қалдықтар ғана!»

**К**өк-Жайлауды қорғайық!» қозғалысының белсенділері 2014 жылдың жазында Нидерландының Маастрихт қаласында өткен Орхус конвенциясы тараптарының Бесінші жиналысында Іле Алатауы ұлттық саябағы аймағында тау шаңғысы курортын салу мәселесіне әлем қауымдастығының назарын аудару үшін театрландырылған көрініс қойды. «Жасыл құтқару» экологиялық қоғамы қар қабыланы жайлайтын тағы табиғаттың бірегей аймағын қорғау мақсатында өзінің сайтында ашық хат жариялады. Бұл петицияға 10 мыңнан астам қол қойса да, үкімет қоғам пікіріне назар аудармай отыр. «Қазақстандағы адам құқығы – қалдықтар ғана!» атты акцияның аты осы үкімет тарапынан көрсетіліп отырған немқұрайлылыққа меззейді. Осыған қарамастан бірегей табиғат бұрышын сақтау жолындағы қозғалыс жалғасын табуда.



## **Анықтамалықты дайындау барысында келесі ақпарат көздері мен электрондық ресурстар пайдаланылды:**

1. «Қоршаған ортаға қатысты мәселелерге байланысты ақпаратқа қол жеткізу, жұртшылықтың экологиялық маңызы бар шешімдер қабылдау процесіне қатысуы мен сот әділдігіне қол жеткізуі туралы» Орхус конвенциясы [Электрондық ресурс]. Қол жетімді режим: [http://www.un.org/ru/documents/decl\\_conv/conventions/orhus.shtml](http://www.un.org/ru/documents/decl_conv/conventions/orhus.shtml); <http://www.unece.org/env/pp/welcome.html>.
2. Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі (өзгертулер мен толықтырулармен 29.09.2014 ж.) [Электрондық ресурс]. Қол жетімді режим: <http://law.delovoimir.kz/laws/view/1388>.
3. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (өзгертулер мен толықтырулармен 10.06.2014 ж.) [Электрондық ресурс]. Қол жетімді режим: <http://law.delovoimir.kz/laws/view/1378>.
4. Қазақстан Республикасының 27 қараша 2000 жылғы №107-II «Әкімшілік рәсімдеулер туралы» заңы, [Электрондық ресурс]. Қол жетімді режим: [http://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=1020750](http://online.zakon.kz/Document/?doc_id=1020750).
5. Қазақстан Республикасының 12 қаңтар 2007 жылғы № 221-III «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі» заңы, [Электрондық ресурс]. Қол жетімді режим: <http://online.zakon.kz/> .
6. Ни В. Әлеуметтің кологиялық ақпарат алу үшін толтыратын сұраныстарымен жұмыс жасауға ескертпе. [Электрондық ресурс].- өзгертіліп, толықтырылған 2-ші басылым – Астана. Қол жетімді режим: <http://aarhus.kz/wp-content/uploads/2013/08/Памятка-по-работе-с-запросами-общественности-на-получение-экологической-информации>.
7. Орхус орталығы [Электрондық ресурс]. Қол жетімді режим: <http://aarhus.kz/>
8. ПАРАГРАФ ақпараттық жүйесі. [Электрондық ресурс]. Қол жетімді режим: <http://prg.kz/>.
9. Мемлекеттік экологиялық ақпарат қоры.[Электрондық ресурс]. Қол жетімді режим: <http://iacoos.kz/activities-of-the-company/state-fund/>.
10. ҚР қоршаған ортаны қорғау саласы бойынша нормативті-құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық базасы. ЭкоИнфо-Право. [Электрондық ресурс]. Қол жетімді режим: <http://ecoinfo.iacoos.kz/>.
11. «ЭКОПраво» халықаралық әлеуметтік-экологиялық одағы. [Электрондық ресурс]. Қол жетімді режим: <http://ecopravo.seu.ru/arhus/>.
12. Орта Азиядағы құқық пен БАҚ. [Электрондық ресурс]. Қол жетімді режим: <http://medialawca.org/>.
13. «Жасыл құтқару» экологиялық қоғамы. [Электрондық ресурс]. Қол жетімді режим: <http://www.greensalvation.org/>.
14. Орталық Қазақстандағы химиялық қауіпсіздік. [Электрондық ресурс]. Қол жетімді режим: <http://www.toxic.kz/>.

Бұл анықтамалық өз денсаулығына қамқор және таза қоршаған ортаға деген құқығын жүзеге асыруды талап ететін барлық адамдар үшін дайындалды. Біздің «Азаматтардың құқықтарын іске асыру және экологиялық мәселелер бойынша шешімдер қабылдауға қоғамдық қатысу – Маңғыстау облысында Орхус конвенциясын тәжірибелік іске асыру» жобасы 3 жылға арналған және Европа Одағының қаржыландыруымен жүзеге асырылуда. Жобада үш ұйым қызметкерлері: **«Арника»** үкіметтік емес ұйымы (Чех Республикасы, <http://english.arnika.org/>); **«Қарағанды облыстық экологиялық мұражайы»** қоғамдық ұйымы (Қазақстан, <http://www.ecomuseum.kz/>); **«Жаңа экологиялық қауіпсіз технологияларды енгізу орталығы»** қоғамдық қоры (Қазақстан) қызмет етеді. **«Эко Маңғыстау»** үкіметтік емес мекемесі (Қазақстан, <http://ecomangystau.kz/>) базасында жобаның аймақтық тобы жұмыс жасайды, Орхус конвенциясы бойынша Кеңес орталығы тұрғындарға кеңес беру жұмысымен айналысады.

**Біз өзекті экологиялық мәселелерді көтереміз және дискуссияға азаматтарды, қоғамдық ұйымдарды және мемлекет өкілдерін қатыстыра отырып, оңтайлы шешім табуды көздейміз!**

Барлық сұрақтар бойынша Кеңес орталығына хабарласуға болады. Біздің мекен-жайымыз: Ақтау қаласы, 6-мөлтекаудан, 33-үй, 53-пәтер, телефон (факс) 8(7292) 503880, E-mail: [info@ecomangystau.kz](mailto:info@ecomangystau.kz);

Қарағанды қаласы, Бұқар жырау даңғылы 47, телефон (факс) 8(7212)413344, e-mail:

[infoecomuzeum@gmail.com](mailto:infoecomuzeum@gmail.com)